



7 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



29.10-30.10.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Аманат» жайдарман командасы Тараз қаласында өткен 1/4 ойынында жақсы өнер көрсетіп, финалға жолдама алды. Сәттілік тілейміз!

10.10.2024 ж. Тараз политехникалық колледжінде өткен «Адал қоғам қалыптастыру негіздері» тақырыбындағы облыстық жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жобалар байқауына Жамбыл жоғары медициналық колледжінен 3 курс студенті Көбен Нұрлыайым қатысып, жүлделі 2 орын иеленді!



Жетекшісі: Әбдіманапова Томирис.



Жамбыл жоғары медициналық колледжінің Қазақстан студенттер Альянс ұйымының белсенді студенттері Облыстық референдумда белсенді қатысқандары үшін Тараз қаласының әкімі Б.Орынбековтың қолынан алғыс хатпен марапатталды.

Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығымен Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледжінің ұйымдастыруымен «Жасампаз Жамбыл өңірі» атты Жамбыл облысының 85 жылдығына орай колледж студенттері арасында облыстық конференцияда II дәрежелі дипломмен 118 ЕФ – 9/24 топ студенті Ерназар Аружан марапатталды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пән оқытушысы Абдалимова З.И.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының ұйымдастыруымен Жамбыл облысының 85 жыл толуына арналған «Жаңғырған Жамбыл - жерінде» атты облыстық эссе байқауы бойынша II дәрежелі дипломмен 118 ЕФ – 9/24 топ студентті Мырзабек Аруа марапатталды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пән оқытушысы Абдалимова З.И. Алғыс хатпен марапатталды.



28.10.2024 ж. Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғарғы колледжінің ұйымдастырумен «Білім өрісі» атты жаратылыстану пәндері бойынша 1 курс студенттері арасындағы зияткерлік сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты: білімді, зияткер студенттердің ой өрістерін кеңейтіп, құзыреттіліктерін, көшбасшылық қабілеттерін арттыра отырып, функциональдық сауаттылығын қалыптастыру. Осы сайысқа Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 1-курс студенттері қатысып, жүлделі III-дәрежелі дипломмен марапатталды. Ал жетекшілері Алғыс хатпен марапатталды.



Қатысқан студенттер:
Сәрсенбай Мейрамбек 101М-9/24
Жанат Жансая 102М-9/24
Қыдырбек Айдана 102М-9/24
Мырзакелді Акерке 107М-9/24
Таубай Жазира 108М-9/24
Мырзабай Айым 115ЕФ-9/24



Жетекшілері:
Мураталиева Нуржамал Мухтаровна, Турсынбаева Роза Кеншиликовна, Сагиндыкова Ботагөз Амангельдиевна, Жакипова Меруерт Жексеналиевна, Бекмурзаева Динара Тұрсынбаевна, Иманалиева Гаухар Жанатовна.



Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы «Техникалық және кәсіптік білім беру орталығының» ұйымдастыруымен өткен «JuniorSkills Jambyl -2024» облыстық чемпионатын өткізу мен ұйымдастыру жұмыстарына белсенді үлес қосқаны үшін Мейрманова Ляззат Касеналиевна, Мураталиева Нуржамал Мухтаровна, Сагиндыкова Ботагөз Амангельдиевна, Ташмаханбетова Алия Сериковна, Бекмурзаева Динара Тұрсынбаевна, Көбегенова Алия Тұрсынбековна, Реймбаева Сандуғаш Махмұдқызы Техникалық және кәсіптік білім беру орталығының басшысы Д.Есжановтың Алғыс хатымен марапатталды.



КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІКТЕРІ
«Жасампаз Жамбыл өңірі» атты облыстық конференция.

08

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

ТӘРБИЕ САҒАТЫ
Колледж оқытушыларының қазан айында өткізген тәрбие сағаттары.

01

25 ҚАЗАН-РЕСПУБЛИКА КҮНІ
оқытушы Омарбаева В.Е ұйымдастыруымен "Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстан!" тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді.

02

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

03

ДӘРІС; ПІКІРСАЙЫС;
Колледж психологтары «Алкоголизмнің адам ағзасына әсері» тақырыбында дәріс өткізді.

04

«ШАБЫТ» ЖОБАСЫ
«Шабыт» жобасы аясында дене шынықтыру пәнінің оқытушылары студенттер арасында жарыс ұйымдастырды.

05

«JuniorSkills Jambyl -2024»

«JuniorSkills Jambyl-2024» облыстық чемпионаты.

06

ҚҰТТЫҚТАУ!
Колледж оқытушыларымен студенттердің жетістігі.

07

КОЛЛЕДЖ ЖЕТІСТІКТЕРІ
«Адал қоғам қалыптастыру негіздері» тақырыбындағы облыстық байқау.

09



1 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ



09.10.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 1 курс студенттерінің арасында «Жалындаған жастық шақ!» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Өз қиялдарымен еркін тақырыпта табиғатты, жан-жануарларды бейнеледі. Максаты: Өскекең ұрпақты рухани-адамгершілі, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Шабытын ояту, уақыттың қадірін білу.

Ұйымдастырушы: ЖЖМК кітапханашылары.

10.10.2024ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 111 топ студенттерімен Ш. Уәлиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасына «Туған жер ғажаптары» атты виртуалды экскурсия ұйымдастырылды.

Максаты: 1 курс студенттерін облыстық кітапханамен таныстыру. Кітапқа деген қызығушылығын арттыру. Ұйымдастырушы: ЖЖМК кітапханашылары.

14.10.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 131ЕФ - 11/24 топ студенттерімен кураторы А.Н. Нұрмаханбетова Рахымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай жауапты "Халық қаһарманы Р. Қошқарбаев" тақырыбында ашық тәрбие сағатын өтті. Сондай ақ І курс «Емдеу ісі» 115 топ студенттерімен кураторы Б.А. Қырықбаева Р.Қошқарбаевтың 100 жылдығына орай «Жеңіс туын желбіреткен қайсар қазақ – Рахымжан Қошқарбаев» тақырыбында тәрбие сағатын өтті.



Максаты: қазақ халқының қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың өмір жолынан мәлімет беру, ерліктерін насихаттау, студенттерді патриот болуға, ізденімпаздылыққа баулу, елін, жерін қорғай білуге ерлікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Тәрбие сағаты барысында оқушыларға арнайы бейне деректер, фильмнен үзінділер көрсетілді.

16.10.2024 жылы 410 ЕФ -9/21 топ «Емдеу ісі» бөлімінің студенттерімен «Тарихы терең- қазақ елім» тақырыбында кураторлық тәрбие сағаты өткізілді.

Максаты: Студенттердің бойына туған жерге, туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттыққа, ынтымаққа тәрбиелеу.

Жауапты куратор: Қоканова А.Ж.

17.10.2024 жылы 117ЕФ-9/24 топ студенттерімен А.Н. Өскенбаева «Біз буллингке қарсымыз» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: қоғамда орын алып отырған жасөспірімдер арасында қорлау, мазақтау, намысқа тию секілді жағдайлардың алдын алу. Студенттерге буллинг туралы жалпы түсінігін қалыптастыру арқылы жауапкершіліктерін арттыру.

2 | 25 ҚАЗАН - РЕСПУБЛИКА КҮНІ

24.10.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 25 қазан - Республика күні мерекесіне орай "Мәңгілік жаса, қыран елім Қазақстан!" тақырыбында "Мейіргер ісі" бөлімі 210М-9/22 топ кураторы Омарбаева В.Е колледжішілік ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Өз елінің тарихын, мәдениетін, дәстүрлері мен жетістіктерін, білімін, тарихи фактілерге сүйене отыра таныстыру. Ашық тәрбие сағаты жоғары деңгейде өткізілді.



3 | ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

09.10.2024 ж. Қызылорда қаласында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен, "Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасы" мен "Қызылорда медициналық жоғары колледж" ұйымдастыруымен денсаулық сақтау саласын жетілдіру және халықаралық тәжірибені ұштастыру мақсатында "Денсаулық сақтау саласындағы техникалық және орта білімнен кейінгі кәсіби мамандарды даярлау мен кәсіби іске асырудың заманауи талаптары" тақырыбында Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді.

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға колледжіміздің директоры Сарыбекова Ж. Н., директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қуанышбекова Л.Т., "Мейіргер ісі" бөлімінің меңгерушілері Ескебекова З.С. және Дүйсембаева Ұ.Е. тәжірибе алмасып, жинаққа мақалаларын жариялады.



4 | ДӘРІС; ПІКІРСАЙЫС;

23.10.2024 ж. Мейіргер ісі» бөлімінің 1 курс студенттерімен «Алкоголизмнің адам ағзасына әсері» тақырыбында дәріс өткізілді.


Мақсаты: 1. Табиғаттың адам баласына сыйлаған басты байлығы –денсаулықты сақтаудың басты жолдары зиянды ішімдіктерден, жат қылықтардан аулақ болып,

салауатты өмір сүру екендігін ұғындыру;

2. Студенттердің бойына адами игі қасиеттерді қалыптастыруға, денсаулықтың қадірін түсіне, сақтай білуге тәрбиелеу;


3. Ауырып ем іздегенше, аурмаудың жолын іздегеннің әлде қайда тиімдірек екендігін ұғындыру, зиянды заттардан бойды аулақ ұстауға дағдыландыру.

Жауапты оқытушылар: Токсанбаева Д.Н., Чинасилова К.О., Махмұд А.Р.



2024 жылдың 23 қазан күні, «Балауса» қыздар клубының ұйымдастыруымен «Ерте жыныстық қарым-қатынасқа түсудің зияны» тақырыбында дәріс өткізілді. Дәріске «Нығмет нұры» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі: Ш.Б.Сүйінқұл, ЖДО акушер-гинеколог: А.Б. Рүстембекова қатысты.

Жауапты: «Балауса» қыздар клубының жетекшісі: А.Н.Оскенбаева.



29.10.2024. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде Біртұтас тәрбие жұмысы бойынша «Қыз бен бала арасында достық болады ма?» тақырыбында пікірсайыс өтті. Пікірсайыста әр тарап өз ой пікірлерін білдірді. Пікірсайысқа жауапты: Колледж психологтары.

5 | ШАБЫТ ЖОБАСЫ

22.10.2024 ж. "Дене шынықтыру және спортты дамыту" комиссиясының жоспарына сәйкес. «Шабыт» жобасы аясында «Тәуелсіздік және отаншылдық» құндылық бағытында 25 қазан - Республика күні мерекесіне орай ұйымдастырылған І курс студенттері (ұлдар) арасында баскетболдан колледж біріншілігі өткізілді.

Жарыстың қорытындысы бойынша "Үздік ойыншы" номинациясымен Балтабай Диас және Хайролла Нұрсұлтан 118 топ студенттері марапатталды.

І-орынды 108, 101, 107, 111 ЕФ-9/24 топтар.

II-орынды 118, 106, 124 ЕФ-9/24 топтар.

Жауапты: №3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушылары.



6 | JuniorSkills Jambul - 2024 ОБЛЫСТЫҚ ЧЕМПИОНАТ

5.11.2024ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде жастарды қолдау, жаратылыстану ғылымы мен медицинаны насихаттау, қолдану аясын кеңейту, оқушылардың шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін, мәдени дүниетанымын дамыту, медицинаға деген қызығушылығын арттыру және оларды үйреніп білуге ынталандыру мақсатында 14-15 жастағы оқушылар арасында «JuniorSkills Jambul-2024» облыстық чемпионаты «Химия-биология білімпаздары» құзыреттілігі бойынша орта білім беру мекеме оқушылары арасында өткізілетін облыстық чемпионаты өткізілді.



Конкурстық тапсырма төрт кезеңнен тұрады, олар химия және биология салаларында жүргізілді:

- * 1. Тест;
- * 2. Сандық және сапалық есептер шығару
- * 3. Блиц-турнир
- * 4. Үй тапсырмасы: «Табиғи бояуларды пайдаланып, кондитерлік өнімдер пісіру»

Облыстық чемпионат сарапшылары:

1. Жамбыл облысы білім басқармасының «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының» басшысы – Есжанов Дархан Кеңесбекұлы.
2. Жамбыл жоғары медициналық колледжі директордың оқу – өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары - Андакулова Құралай Тлеулесовна.
3. М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті биология кафедрасының аға оқытушысы, биология ғылымдарының магистрі - Султанаев Ердос Бахытұлы
4. Н. Ә. Назарбаев атындағы Зияткерлік мектебі химия пәні мұғалімі, жаратылыстану ғылымдарының магистрі - Жусиппазарова Ғазиза Макуаевна.

«JuniorSkills Jambul-2024» облыстық чемпионат жеңімпаздары:

I орын – Иманбай Даяна Асхатқызы

II орын – Болатбек Аймира Серікқызы

III орын – Алимхан Амина Алтынханқызы

IV орын – Еркінбай Іңкәр Даниярқызы

V орын – Бисенгали Әсел

VI орын – Құралбай Ерсайым Амандықұлы

Сертификат иегерлері:

1. Байболат Мадияр
2. Назымбек Аяжан Аралбайқызы
3. Жарқынбек Айсұлу Әсембекқызы

Барлық қатысушылардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталды.

